

2014 жылға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 532 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда № 4422 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінің 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Б е к і т і л с і н :

қоса беріліп отырған 2014 жылға арналған ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары; ақы төленетін қоғамдық жұмыстармен қамтылған азаматтардың еңбегіне төленетін ақысы аудандық бюджет қаражаты есебінен айына ең төменгі жалақының 1,25 м ө л ш е р і н д е .

2. 2014 жылға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны басшылыққа алсын.

3 . М ы н а л а р :

1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік салық аудандық бюджеттен өтелетіндігі және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылатындығы;

2) қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартпен белгіленген мөлшерлердегі жалақыны аудару және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлемінің шығындары жұмыс берушінің есеп айырысу шотына аудандық бюджеттен өтелетіндігі белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Д. Ормановқа жүктелсін .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының әкімі

С. Жақаев

Ә к і м д і к т і ñ

2013

жылғы

27

желтоқсандағы

№ 532 қаулысымен бекітілген

**2014 жылға арналған ұйымдардың тізбелері,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі
мен нақты жағдайлары**

Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі, сағатпен	Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары
"Меңдіқара 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Боровское ауылының аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету, қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін құжаттаманы өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізуде күн сайынғы көмек.	63000	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескеріп, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен, қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы-аптасына 40 сағаттан артық емес
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Алешин ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	5040	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Борков ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	5040	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Буденный ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	4032	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Введен ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	5040	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Каменскорал ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету	5408	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Қарақоға ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	5040	
	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Краснопреснен ауылдық округінің аумағын		

жинауға және абаттандыруға көмек көрсету	4736
Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Ломоносов ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	8112
Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Михайлов ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	8064
Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Первомай ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	6560
Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Соснов ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	7104
Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Теңіз ауылдық округінің аумағын жинауға және абаттандыруға көмек көрсету.	4736